Мемлекет басшысы Қасым- Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Қазақстан халқына жолдауы

# «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»

Өзгерісті әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек.

Әрбір адам және бүкіл қоғам жаңғыруы қажет.

Құндылықтарымыз түбегейлі жаңаруға тиіс.

Мұның бәрі – оңай жұмыс емес, біртіндеп қалыптасып, жылдар бойы жалғасатын үдеріс.

Бұл жұмыс бізден жоғары жауапкершілікті, елімізге және бір-бірімізге деген жанашырлықты талап етеді.

Бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе жасап бермейтіні анық, бәрі өз қолымызда.

Сондықтан, баршаңызды жаңа Қазақстанды құруға бір кісідей жұмылуға шақырамын.

Халықтың қолдауымен мақсатымызға жетеміз деп сенемін.

* * *

Бүгінде жер жүзінде геосаясаттың дүлей дауылы соғып тұр.

Сондықтан мемлекетіміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын және ұлттық мүддемізді қорғауды көздейтін стратегиялық бағдардан айнымауымыз керек.

Негізгі міндет – осы!

Біз ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді сақтап, ұлттық бірегейлігіміздің негізін нығайтып, елімізді жаңғырту жолында ұйысуға тиіспіз.

Бұл – болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз.

Қазір саяси баррикадалар орнатып, әр мәселеге бола митинг өткізетін, күмәнді шешімдерге итермелеп, жөнсіз талап қоятын, міндетін орындап жүрген полиция қызметкерлерінің жағасына жармасатын уақыт емес.

Осының бәрі халқымыздың әлем қауымдастығы алдындағы абыройын төмендетеді.

«Қасіретті қаңтар» оқиғалары еліміздің беделіне елеулі нұқсан келтіргенін мойындауымыз керек.

Бейберекет саяси реформалар мемлекетті әлсіретіп, оның егемендігі мен тұтастығына зор залалын тигізуі мүмкін.

Әлемнің арғы-бергі тарихында өз аумағының ауқымды бөлігінен айырылған, астаң-кестеңі шығып, берекесіздікке ұшыраған елдер туралы мысал жетіп артылады.

Жаңа Қазақстанды құру елді дамыту парадигмаларын өзгертуге бағытталған.

Біз әр қадамымызды саралап, таңдаған жолымызбен алға сенімді қадам басамыз.

Біз жаңа Қазақстанда «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануға тиіспіз.

Диалог пен мәміленің жоғары мәдениеті еліміздегі азаматтық ынтымақты арттыратын басты фактордың біріне айналады.

Біз надандық пен ескілікке, радикализм мен масылдыққа, тоғышарлыққа және сыбайлас жемқорлыққа табанды түрде қарсы тұрамыз.

Бір-бірімізді жат көрмей, жақын тартып, қоғамда нақты өзгерістерге деген сенімді орнықтырамыз.

Жұртымыздың күш-жігеріне, дарыны мен еңбекқорлығына сүйенеміз.

Әр азаматтың өз қабілетін іске асыруына барынша қолайлы жағдай жасаймыз.

Біз осылайша ғана халқымыздың жасампаздық әлеуетін арттыра аламыз.

Осылайша ғана өмірдің барлық саласын өзгертіп, реформалар дәуірін өз қолымызбен жасаймыз.

Біз кез-келген сын-қатерді бірге еңсеріп, Қазақстанымыздың қуатын бірге арттырамыз деп сенемін.

Сөзімнің соңында бір мәселеге ерекше тоқталғым келеді.

Мен азаматтарымыздың ертең емес, бүгін бақытты өмір сүргенін қалаймын.

Ең бастысы – еліміздің егемендігі!

Шын мәнінде, біз үшін Қазақстанның Тәуелсіздігі бәрінен қымбат.

Осы тұрақсыз, құбылмалы әлемде Қазақстанымыз бізден басқа ешкімге керек емес.

Сондықтан, маған елімнің амандығы мен жерімнің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ.

Мені ең алдымен, халқымның болашағы қандай болатыны толғандырады.

Қызметіме түрлі адамдардың беретін бағасынан гөрі, мемлекетімізді қорғап қалу – мен үшін аса маңызды міндет.

Осы жолда жауапкершіліктің бәрін мойныма алуға дайынмын!

Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі парыз.

Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты.

Ендеше, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік, ағайын!

Қастерлі Отанымыздың тұғыры мығым, абыройы биік болсын!

## Қуаттаймыз, Қолдаймыз. Жолдауға қолдау. Қуаттаймыз,



Жуырда Ел Президенті Қасым- Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа арнаған жолдауын бүкіл ел болып тыңдадық. Жолдауда ең бірінші «Қаңтар оқиғасында» қаза тапқандарға көңіл айтып, осы сын сағатта қатерге қарсы тұрған барша азаматқа алғыс айтумен бастады. Сонымен қатар Президент құлаққа жағымды, бірақ орындалуы екіталай бос уәделердің берілмеуін алға тартты. Президент тапсырмасына сай елімізде жаңа үш облыс құрылатын болды. Олар Абай облысын, Ұлытау облысын және Жетісу облысын құру. Қазақтың Ұлы ақыны Абай атамыздың атымен Семей өңірін атауда үлкен мән жатыр. Бұл - болашақ ұрпаққа Абай Құнанбайұлын дәріптеу деп білемін. Қазіргі Алматы облысы Жетісу және Алматы болып екі облысқа бөлінуі өңірдің дамуына үлкен септігін тигізеді. Әрбір Қазақстандықтың көңілінен шығатын тағы бір оң өзгеріс, ол әрине Қапшағай қаласының Қазақтың біртуар азаматы, Ұлы тұлға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамыздың атымен аталуы толықтай құптарлық жайт. Алдағы уақытта Дінмұхамед Қонаев қаласы Алматы облысының орталығы болады. Бүгінгі жолдауда халықтың игілігі үшін, еліміздің тәуелсіздігі үшін Жаңа Қазақстанды құруға жаңа бастамалар көтерілді.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміздің іші даудан, сырты жаудан аман болсын.

**Сайдулла Камалұлы САРСЕКОВ,**
**Алматы облыстық мәслихат депутаты**

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа арнаған мән – маңызы айырықша жолдауын бүкіл ел болып тыңдадық. Жолдауда ең бірінші «Қаңтар оқиғасында» қаза тапқандарға көңіл айтып, осындай қайғылы оқиғаға себеп болған лауазымды тұлғалар қатаң жазаға тартылатындығына тоқталды. Сонымен қатар осы сын сағатта қатерге қарсы тұрған барша азаматқа алғыс айтумен бастады. Сонымен қатар Президент құлаққа жағымды, бірақ орындалуы екіталай бос уәделердің берілмеуін алға тартты.Нақты орындалатын шаралар жасау қажеттігін жеткізді. Ел Президенті алдағы уақытта елді басқаратын Президенттің жақын туыстары жоғары лауазымды қызметтерді ала алмайтынын, Президенттің кейбір өкілеттіктерін бас тартып, Парламенттің өкілеттігіне басымдық беру керекті-



гін нақты айтып өтті. Қасым-Жомарт Кемелұлы Парламент депутаттарының квотасын қысқартуды тапсырды. Бұл дегеніміз халық өздерінің көңіліне жаққан халық қалаулыларын Заң шығарушы органның мүшелігінен көре алады деген сөз. Жолдау барысында Президентіміз халықтың әділ сайлаудан көңілі қалғанын, сайлауға қатысу қарапайым халық үшін маңызсыз деп түсінетінін айтты. Осы тұрғыда сайлау туралы заңға өзгерістер енгізіп, алдағы уақытта әділ сайлау өткізуге шақырды. Елімізде сонымен қатар Конституциялық сот құруды тапсырды. Егер конституциялық сот құрылса халық жоғарғы органдарда шешілмеген түйіткілді мәселелерін осы Конституциялық сотқа жүгіну арқылы шешілетін болады. Президент тапсырмасына сай елімізде жаңа үш облыс құрылатын болды. Олар Абай облысын, Ұлытау облысын және Жетісу облысын құру. Қазақтың Ұлы ақыны Абай атамыздың атымен Семей өңірін атауда үлкен мән жатыр. Бұл - болашақ ұрпаққа Абай Құнанбайұлын дәріптеу, Абай атамызға деген құрмет деп білемін. Сарыарқаның төсінде жаңа Ұлытау Облысын құруда үлкен мән жатыр. Қазіргі Алматы облысы Жетісу және Алматы болып екі облысқа бөлінуі өңірдің экономикалық дамуына үлкен септігін тигізеді деп сенемін. Бүгінгі Жолдаудың елдің көңілінен шыққан тұсы ол әрине Қапшағай қаласының Қазақтың біртуар азаматы, Ұлы тұлға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамыздың атымен аталуы болды. Бұл әрбір Қазақстандықтың көңілінен шығатын, үлкен қолдау табатын өзгеріс екеніне кәміл сенемін. Алдағы уақытта Дінмұхамед Қонаев қаласы Алматы облысының орталығы болады. Бүгінгі жолдауда халықтың игілігі үшін, еліміздің тәуелсіздігі үшін Жаңа Қазақстанды құруға жаңа бастамалар көтерілді. Оған дәлел Конституцияның 30 бабына өзгеріс енгізу болмақ. Осындай өзгерісіміз лайым тек қана жақсылыққа қарай болсын демекпіз.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Тәуелсіздігіміз баянды, азаттығымыз мәңгілік болсын.

**Алмасбек НҰҒМАНОВ,**
**«Аманат» партия филиалының бірінші орынбасары.**


## ХАБАРЛАНДЫРУ

Кеген ауданының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, ҚР Экологиялық кодексінің 58 бабының 2 тармағына және 73 баптың 1 тармақтары сәйкес 2022 жылдың 22-ші сәуірден 28 сәуірге дейін жұмыс жобасының «Алматы облысы Кеген ауданы Қарабұлақ ауылындағы су жүйесінің қайта жаңғырту жұмыстарына ЖСҚ жасау» жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (Ecoportal.kz) сайтында танысуға болады

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ Кегенского района», в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 58 и пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 22 апреля по 28 апреля 2022 года на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения раздела «Охрана окружающей среды» по проекту «Реконструкция водопроводной сети в с. Карабулак Кегенского района Алматинской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Кеген ауданының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, ҚР Экологиялық кодексінің 58 бабының 2 тармағына және 73 баптың 1 тармақтары сәйкес 2022 жылдың 22-ші сәуірден 28 сәуірге дейін жұмыс жобасының «Алматы облысы Кеген ауданы А.Нусіпбеков ауылындағы су жүйесінің қайта жаңғырту жұмыстарына ЖСҚ жасау» жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (Ecoportal.kz) сайтында танысуға болады

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ Кегенского района», в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 58 и пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 22 апреля по 28 апреля 2022 года на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения раздела «Охрана окружающей среды» по проекту «Реконструкция водопроводной сети в с. А.Нусупбекова Кегенского района Алматинской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.